


"Әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар және өнер" ғылым бағыты бойынша "Елдің зияткерлік әлеуеті" ғылыми, ғылыми-техникалық қызметін дамытудың басым бағыты бойынша ұлттық ғылыми кеңестің № 9 отырыс хаттамасынан № 1 үзінді 04 қыркүйек 2026 жыл				
Отырыстың өткізілген күні		04 қыркүйек 2026 жыл		
Шешім қабылданған күн		04 қыркүйек 2026 жыл		
Төрағалық еткен		Бутабаева Лаура Асқарқызы		
Сұрақтың сипаты		Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау		
№ р/н	Хат	Сұрақтың сипаты	Кеңес шешімі	Негіздеме
1	ҒЖКБМ ҒК 31.08.2026 ж. № 16-17-7/5724-И	2026-2028 жылдарға арналған жас ғалымдарды гранттық қаржыландыруға арналған конкурстары аясында мақұлданған өтінімдердің күнтізбелік жоспарындағы іс-шаралардың орындалу мерзімін 2026 жылғы қыркүйек айынан бастау және толық 36 ай камту үшін мақұлданған өтінімдерді қарауына қайта шығару туралы	мақұлданды	"Ұлттық ғылыми кеңестер туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 25 қыркүйектегі № 487 бұйрығының 45 тармағы негізінде Кеңес келесі шешім қабылдады: 1. 2026 жылғы 24 маусымдағы № 321-VIII Қазақстан Республикасы Заңының (2026 жылғы 31 тамызда қолданысқа енгізілген) нормаларына және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің хатына сәйкес, төмендегі конкурстар аясында бұдан бұрын мақұлданған өтінімдерге аталған Заңның нормалары қолданылсын: • «Жас ғалым» бағдарламасы бойынша 2026–2028 жылдарға арналған жас ғалымдардың ғылыми зерттеулерін гранттық қаржыландыру конкурсы; • Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша 2026–2028 жылдарға арналған жас ғалымдарды гранттық қаржыландыру конкурсы. 2. Аталған конкурстар бойынша мақұлданған өтінімдерді іске асырудың және күнтізбелік жоспар іс-шараларын орындаудың жалпы ұзақтығы жобаны іске асыруға арналған шарт жасалған күннен бастап есептелетіні және толық 36 (отыз алты) айды қамтитыны белгіленсін, осыған орай жобалардың күнтізбелік жоспарларына тиісті түзетулер енгізу мақұлданды. 3. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетіне осы шешімге сәйкес шарттар жасасуды және жобалардың күнтізбелік жоспарларын қайта бекітуді қамтамасыз ету ұсынылсын.

Кеңес төрағасы



Бутабаева Лаура Асқарқызы